АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӨСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ТЕАТР КУКОЛ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

14.10.2026 № 07-03-03 414

Астана қаласы

ПРИКАЗ

«___» _____ 20__ ж.

город Астана

Театрға келудің жаңа қағидаларын бекіту туралы

Көрермендердің театрға келу тәртібін реттеу, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК-ның театрға келудің жаңа қағидалары бекітілсін.
2. Театрға келудің жаңа қағидалары осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.
3. Осы бұйрық күшіне енген күннен бастап, Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК-ның бұрын қолданыста болған келу қағидаларының күші жойылсын деп танылсын.

Директор **Т.Хасанғалиева**

Бұрыштама:
Алпысбаева Л.Ж.
Бекова Б.Б.
Тайманова А.Б

Бұйрықпен танысқан:
1.
2.
3

БЕКІТЕМІН
Астана қаласы әкімдігінің
«Қуыршақ театры» МКҚК директоры

Т.С. Хасангалиева

«14» қазан 2026 жыл № 07-03-03 и/к

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ» МКҚК-НЕ КЕЛУ ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК-не келу қағидалары (бұдан әрі – **Қағидалар**, **Театр**) Театрға келу, билеттерді сатып алу және пайдалану тәртібін, келушілердің мінез-құлық қағидаларын, гардеробты пайдалану тәртібін, сондай-ақ Театр мен келушілердің құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

1.2. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде мәдениет, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, дербес деректер және оларды қорғау, өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамаға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 140-НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мәдениет ұйымдарында билеттерді дайындау және өткізу қағидаларына сәйкес әзірленді.

1.3. Осы Қағидалар Театрдың барлық келушілеріне, оның ішінде көрермендерге, алып жүруші тұлғаларға, ұйымдардың өкілдеріне, журналистерге, блогерлерге және Театр аумағында болатын өзге де тұлғаларға қолданылады.

1.4. Келуші Театрға келгенге дейін осы Қағидалармен танысуға міндетті. Билетті сатып алу және/немесе іс-шараға кіру келушінің осы Қағидалармен танысқанын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде оларды сақтау міндетін білдіреді.

1.5. Спектакльдер, концерттер, өзге де іс-шаралар, оларды өткізу уақыты, билеттердің құны, жас ерекшеліктеріне қойылатын шектеулер және келудің өзге де шарттары туралы ақпарат Театрдың ресми интернет-ресурсында, кассада, ақпараттық стендтерде және Театрдың өзге де ақпараттық ресурстарында орналастырылады.

1.6. Театр өндірістік, техникалық, ұйымдастырушылық қажеттілікке немесе өзге де мән-жайларға байланысты іс-шаралардың бағдарламасы мен кестесіне, орындаушылар құрамына, сондай-ақ іс-шараның басталу және аяқталу уақытына өзгерістер енгізуге құқылы.

1.7. Билеттерді өткізудің ресми арналары, оның ішінде дистрибьюторлар туралы ақпарат Театрдың ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

2. Билеттерді сатып алу және пайдалану тәртібі

2.1. Билеттерді өткізу Театрдың кассасы арқылы, сондай-ақ Театр тиісті шарттар жасасқан дистрибьюторлар арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2.2. Ресми дистрибьюторлар туралы ақпарат Театрдың ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

2.3. Билет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз жеткізгіште, термобилет түрінде немесе электрондық билет түрінде ресімделуі мүмкін.
2.4. Электрондық билет билеттерді өткізудің ресми арнасы арқылы ресімделген және заңнамада және билеттерді сату жүйесінде көзделген қажетті сәйкестендіру деректері болған жағдайда жарамды болып табылады.
2.5. Бір билет онда көрсетілген іс-шараға көрсетілген күні және уақытта бір рет келуге құқық береді.
2.6. Билетте көрсетілген іс-шараға, күнге және уақытқа ғана жарамды, егер іс-шараны ауыстыру шарттарында өзгеше көзделмесе.
2.7. Билетті сатып алу кезінде келуші онда көрсетілген күннің, уақыттың, іс-шара атауының, орынның және билет құнының дұрыстығын тексеруге міндетті.
2.8. Театрдың кассасынан билет сатып алған кезде сатып алушыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес билет және кассалық чек беріледі.
2.9. Электрондық билет сатып алған кезде электрондық кассалық чек сатып алушыға заңнамада көзделген тәртіппен жіберіледі.
2.10. Театр билеттерді билеттерді өткізудің ресми арналары болып табылмайтын тұлғалардан немесе ресурстар арқылы сатып алғаны үшін жауап бермейді.
2.11. Заңнама талаптарын бұза отырып ресімделген немесе түзетулері бар билеттер заңнамада көзделген жағдайларда жарамсыз деп танылады.

3. Билеттерді қайтару

3.1. Билеттерді қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасына, билетті сатып алу шарттарына және Театр белгілеген қайтару тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.
3.2. Билетті қайтару үшін келуші билетті сатып алу тәсіліне қарай Театрға немесе билет сатып алынған дистрибьюторға жүгінеді.
3.3. Билетті қайтару мәселесі бойынша жүгінген кезде келуші билет пен оның сатып алынған фактісін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтерді ұсынады.
3.4. Электрондық билетті қайтару оны сатып алу кезінде көрсетілген деректерді және/немесе төлем мен сатып алушыны сәйкестендіру үшін қажетті өзге де мәліметтерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады.
3.5. Ақшалай қаражатты қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасында және билеттерді өткізу кезінде қолданылатын қайтару тәртібінде көзделген тәсілмен және тәртіппен жүзеге асырылады.
3.6. Көрерменнің бастамасы бойынша билетті қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, спектакль басталғанға дейін кемінде бір сағат бұрын жүгінген жағдайда жүзеге асырылады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін көрерменнің бастамасы бойынша билетті қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жүзеге асырылмайды.
3.7. Іс-шара Театрдың бастамасы бойынша өткізілмеген немесе Театр жауапты болатын мән-жайларға байланысты оны өткізу мүмкін болмаған жағдайда, сатып алынған билеттер үшін ақшалай қаражатты қайтару белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
3.8. Іс-шара басқа күнге ауыстырылған жағдайда Театр келушілерге бұрын сатып алынған билеттерді пайдалану немесе ақшалай қаражатты қайтару тәртібі туралы хабарлайды.
3.9. Дистрибьютор арқылы билетті сатып алуға немесе қайтаруға байланысты комиссиялар мен өзге де шығыстар дистрибьютормен жасалған шарттық қатынастарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және мөлшерде ғана қолданылады. Тұтынушының құқықтарын шектейтін талаптар қолданылмайды.
3.10. Электрондық билетті қайтаруға байланысты даулы мәселелер туындаған кезде келуші билетті сатып алған дистрибьюторға, сондай-ақ Театрға тікелей жүгінуге құқылы.

4. Спектакльдерге және өзге де іс-шараларға келу қағидалары

4.1. Іс-шараға кіру үшін әрбір келушінің жарамды билеті болуы тиіс, егер нақты іс-шараның шарттарында өзгеше тікелей көзделмесе.
4.2. Тегін келу немесе жеңілдіктер беру шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Қағидаларда, бекітілген прейскурантта және нақты іс-шараның шарттарында белгіленеді.
4.3. 3 жасқа дейінгі балалар нақты спектакльдің шарттарында өзгеше белгіленбесе, ересек алып жүрушінің орнында орналасқан жағдайда, жеке көрермен орны берілмей, спектакльге тегін келе алады.
4.4. 3 жасқа дейінгі балаға жеке көрермен орны қажет болған жағдайда, билет белгіленген тәртіппен сатып алынады.
4.5. 3 жастан бастап балаларға тиісті билет болған жағдайда жеке көрермен орны беріледі.
4.6. 3 жастан 8 жасқа дейінгі балалар спектакльге кәмелетке толған адамның алып жүруімен жіберіледі.
4.7. 8 жасқа толған балалар нақты спектакльдің жас ерекшелігіне қойылатын шектеулерінде өзгеше көзделмесе, спектакльдерге ересектердің алып жүруінсіз келе алады.
4.8. Баланы алып жүру және оның осы Қағидаларды сақтау жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде ата-анаға, өзге де заңды өкілге немесе кәмелетке толған алып жүруші тұлғаға жүктеледі.
4.9. Жекелеген спектакльдерге келуге қойылатын жас шектеулерін Театр тиісті қойылымның мазмұны мен ерекшеліктерін ескере отырып айқындайды және билеттерді сату кезінде және ақпараттық материалдарда көрсетеді.
4.10. Спектакль басталғаннан кейін келушілерге басқа көрермендерге кедергі келтірмей, көрермендер залындағы орындарына орналасу ұсынылады.
4.11. Кешігіп келген жағдайда Театр әкімшілігі келушіге Театр қызметкері айқындаған орынға отыруды ұсынуға немесе көрермендер залына кіру спектакльдің өтуіне кедергі келтірмейтін уақытты күтуге құқылы.
4.12. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау және әртістер мен басқа да көрермендерге кедергі келтіруге жол бермеу қажет болған жағдайда әкімшілік көрермендер залына кіруді уақытша шектеуге құқылы.

5. Мүгедектігі бар адамдарға арналған жеңілдіктер

5.1. Мүгедектігі бар адамдардың Театрдың мәдени-көрермендік іс-шараларына қол жеткізуі Қазақстан Республикасының заңнамасына және мемлекеттік мәдениет ұйымдары өткізетін мүгедектігі бар адамдардың мәдени-көрермендік іс-шараларға қолжетімділігін қамтамасыз етудің ең төмен әлеуметтік стандартына сәйкес жүзеге асырылады.
5.2. I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен театр қызметтерін бюджет қаражаты есебінен пайдаланады.
5.3. III топтағы мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен тиісті қызмет құнының 50 пайызы мөлшерінде төлеммен театр іс-шараларына келуге құқық беріледі.
5.4. Заңнамада көзделген жеңілдікті алу үшін келуші тиісті мәртебесін растайтын құжатты ұсынады.
5.5. Жеңілдікпен берілетін билеттерді өткізу тәртібі, олардың саны және оларды беру шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасын, көрермендер залының сыйымдылығын және нақты іс-шараның шарттарын ескере отырып айқындалады.
5.6. Театр Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары мен ғимараттың техникалық мүмкіндіктері шегінде мүгедектігі бар адамдарға өз қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды.

6. Гардеробты пайдалану қағидалары

6.1. Театрдың гардеробы Театрдың жұмыс режиміне және маусымдық жағдайларға сәйкес жұмыс істейді.
6.2. Нақты іс-шараның шарттарынан өзгеше туындамаса, келушілерге сырт киімді гардеробқа тапсыру ұсынылады.
6.3. Қауіпсіздікті, санитариялық талаптарды және мүліктің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында гардеробқа:
ақша қаражаты, банк карталары және өзге де құндылықтар;
жеке басын куәландыратын құжаттар және өзге де құжаттар;
ұялы телефондар және өзге де электрондық құрылғылар;
кілттер;
тамақ өнімдері;
қатты немесе тұрақты иісі бар заттар мен бұйымдар;
ластанған, су болған немесе басқа заттарға қауіп төндіретін заттар;
гардеробта сақтау мүмкін емес немесе заңнамада тыйым салынған өзге де заттар қабылданбайды.
6.4. Сырт киімді тапсырған кезде келушіге нөмірлі жетон беріледі.
6.5. Келуші затын алғанға дейін нөмірлі жетонды сақтауға міндетті.
6.6. Нөмірлі жетон жоғалған жағдайда келуші бұл туралы гардероб қызметкеріне хабарлауға және заттың өзіне тиесілі екенін растауға мүмкіндік беретін құжаттарды және/немесе өзге де мәліметтерді ұсынуға міндетті.
6.7. Нөмірлі жетон болмаған жағдайда затты беру оның тиесілілігін Театр белгілеген тәртіппен анықтағаннан кейін, басқа келушілердің мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып жүзеге асырылады.
6.8. Жоғалған нөмірлі жетонды қалпына келтіру қажет болған жағдайда, егер мұндай төлем көзделсе және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, келушіден Театр бекіткен прейскурантта белгіленген мөлшерде ақы алынуы мүмкін.
6.9. Театр гардеробқа қабылданған заттарды сақтауды ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының заңнамасына және белгіленген қағидаларға сәйкес қамтамасыз етеді.
6.10. Сұранысқа ие болмаған заттар ұзақ уақыт сақталған жағдайда оларды одан әрі сақтау және олармен жұмыс істеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
6.11. Келуші гардеробта қалдырылған заттарды Театрдың жұмыс режимі аяқталғанға дейін немесе Театр белгілеген уақытта алуға міндетті.

7. Келушілердің құқықтары

7.1. Келушілердің:
спектакльдер, іс-шаралар, билеттердің құны және оларды сатып алу тәртібі туралы дұрыс әрі қажетті ақпарат алуға;
сатып алынған билетке және тиісті іс-шараның шарттарына сәйкес Театр қызметтерін алуға;
заңнамада көзделген жеңілдіктерді пайдалануға;
Театр әкімшілігіне ұсыныстармен, өтініштермен және шағымдармен жүгінуге;
Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын талап етуге құқығы бар.

8. Келушілердің міндеттері

8.1. Келушілер:
осы Қағидаларды сақтауға;
өрт қауіпсіздігі және келушілердің қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;
Театр қызметкерлерінің заңды талаптарын орындауға;
Театрдың мүлкіне ұқыпты қарауға;
спектакль өткізу кезінде тәртіп пен тыныштықты сақтауға;
басқа келушілерге және Театр қызметкерлеріне құрметпен қарауға;
келушілердің өтуіне және эвакуациялануына кедергі келтірмеуге;
нақты іс-шараға белгіленген жас ерекшеліктеріне және өзге де шектеулерге сақтауға;
анықталған қауіпті заттар, мүліктің зақымдануы, өрт, түтін немесе өзге де төтенше жағдай туындағаны туралы Театр қызметкерлеріне дереу хабарлауға міндетті.

9. Тыйым салынады

9.1. Театр аумағында:
алкогольдік, есірткілік немесе өзге де уытқұмарлық масаң күйде болуға;
Қазақстан Республикасының заңнамасында және тиісті іс-шараның шарттарында тікелей рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, алкогольдік сусындарды, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және өзге де тыйым салынған заттарды пайдалануға;
заңнамада тыйым салынған орындарда темекі шегуге, оның ішінде темекіні тұтынудың электрондық жүйелерін және өзге де ұқсас құрылғыларды пайдалануға;
Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған заттар мен нәрселерді алып кіруге;
ашық отты пайдалануға;
келушілер мен Театр қызметкерлерінің өміріне, денсаулығына немесе қауіпсіздігіне қауіп төндіретін әрекеттер жасауға;
балағат сөздер қолдануға, басқа келушілер мен Театр қызметкерлерін қорлауға, кемсітуге немесе қудалауға;
кемсітушілік сипаттағы әрекеттер жасауға;
Театрдың мүлкіне зиян келтіруге;
өтетін жолдарды, баспалдақтарды, эвакуациялық шығу жолдарын және эвакуацияның өзге де жолдарын бөгеуге;
қызметкерлердің рұқсатынсыз жабдықтарды, жиһаздарды және Театрдың өзге де мүлкін өз бетінше жылжытуға;
арнайы жабдықталған орындарда немесе іс-шараларда өзгеше көзделмесе, Театр үй-жайларының ішінде велосипедті, самокатты, роликті конькилерді, скейтбордты және өзге де қозғалыс құралдарын пайдалануға;
балалар арбаларын, велосипедтерді, самокаттарды және өзге де заттарды еркін өтуге және эвакуацияға кедергі келтіретін жерлерде қалдыруға;
Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды және жетекші иттерді қоспағанда, жануарларды алып келуге;
осы Қағидалардың 10-бөлімін бұза отырып, спектакльді фото-, бейне- және аудиожазбаға түсіруге;
қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздік талаптарын өзге де түрде бұзуға тыйым салынады.

10. Фото-, бейне- және аудиожазба

10.1. Авторлық және сабақтас құқықтарды, қоюшы режиссерлер мен орындаушылардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ спектакльдің қалыпты өткізілуін қамтамасыз ету мақсатында Театр әкімшілігінің рұқсатынсыз спектакльді, оның жекелеген көріністерін, орындауды,

фонограмманы және қойылымның өзге де элементтерін кәсіби фото-, бейне- және аудиожазбаға түсіруге тыйым салынады.

10.2. Көрермендердің спектакль кезінде ұялы телефондарды және өзге де құрылғыларды пайдалануы басқа көрермендерге, әртістерге және Театр қызметкерлеріне кедергі келтірмеуге тиіс.

10.3. Спектакль кезінде жарқылдатқышты, жарықтандыру жабдықтарын, штативтерді, кәсіби фото- және бейнетехниканы пайдалану Театр әкімшілігімен алдын ала келісілген жағдайда ғана жүзеге асырылады.

10.4. Театр аумағында кәсіби фото-, бейне- және аудиотүсірілім, сұхбаттар және өзге де түсірілімдер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Театр әкімшілігімен алдын ала келісу арқылы жүзеге асырылады.

10.5. Осы бөлім Қазақстан Республикасының заңнамасында кепілдік берілген қызметті жүзеге асыру құқықтарын шектемейді.

11. Бейнебақылау

11.1. Келушілер мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мүлікті қорғау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларды тіркеу мақсатында Театр аумағында бейнебақылау жүргізілуі мүмкін.

11.2. Бейнебақылау арқылы алынған дербес деректерді өңдеу Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

11.3. Бейнежазбаларға Театрдың уәкілетті қызметкерлері өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде қол жеткізе алады.

11.4. Бейнежазбаларды мемлекеттік органдарға және өзге де тұлғаларға беру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.

12. Театр әкімшілігінің құқықтары мен міндеттері

12.1. Театр әкімшілігінің:

осы Қағидалардың сақталуын қамтамасыз етуге;

келушілерден қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп талаптарын сақтауды талап етуге;

қауіпсіздікті қамтамасыз ету немесе техникалық және ұйымдастырушылық іс-шараларды өткізу мақсатында Театрдың жекелеген үй-жайларына кіруді шектеуге;

қауіпсіздікті қамтамасыз ету және спектакль өткізу тәртібін сақтау мақсатында көрермендер залына кіруді уақытша шектеуге;

осы Қағидаларды бұзатын, адамдардың өміріне, денсаулығына, қауіпсіздігіне қауіп төндіретін немесе іс-шараның өткізілуіне кедергі келтіретін келушілерді шығару бойынша шаралар қабылдауға;

заңнамада және осы Қағидаларда көзделген жағдайларда бағдарламаны, орындаушылар құрамын, іс-шараны өткізу күнін немесе уақытын өзгертуге;

келушілер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төнген немесе өзге де төтенше жағдайлар туындаған кезде іс-шараны тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқығы бар.

12.2. Театр әкімшілігі:

келушілерге Театрдың қызметтері туралы дұрыс ақпарат беруге;

келушілердің қауіпсіз болуын ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;

өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауға;

қызметтерді сатып алынған билет шарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетуді қамтамасыз етуге;

келушілердің өтініштерін заңнамада белгіленген тәртіппен қарауға міндетті.

13. Тараптардың жауапкершілігі

13.1. Театр мен келушілердің жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Қағидалармен айқындалады.
13.2. Келуші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және мөлшерде Театрдың мүлкіне келтірілген зиян үшін жауапты болады.
13.3. Өтелуге жататын зиянның мөлшері зақымданудың сипатына, зақымдалған мүлікті қалпына келтіру немесе ауыстыру құнына және заңнамада олардың өтелуі көзделген жағдайда құжатпен расталған өзге де шығыстарға қарай айқындалады.
13.4. Театр гардеробқа сақтауға тапсырылмаған заттарға, сондай-ақ гардеробта сақтауға осы Қағидалармен тыйым салынған заттарға Қазақстан Республикасының заңнамасында жол берілген шектерде жауап бермейді.
13.5. Келушінің өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне Театрдың кінәлі әрекеттері немесе әрекетсіздігі салдарынан зиян келтірілген жағдайда, Театр Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершіліктен босатылмайды.
13.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Театрдың кінәсінің жоқтығы анықталған жағдайда, Театр үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерінің салдары үшін жауап бермейді.
13.7. Театрға байланысты емес техникалық, авариялық немесе өзге де мән-жайлар туындаған кезде жекелеген қызметтерді көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтай отырып, уақытша шектелуі немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

14. Төтенше жағдайлар кезіндегі келушілердің әрекеттері

14.1. Өрт, түтіндену, авария, ғимараттың құлау қаупі, табиғи апат немесе өзге де төтенше жағдай туындаған кезде келушілер сабыр сақтауға және Театр қызметкерлерінің нұсқауларын орындауға міндетті.
14.2. Дабыл сигналы берілгеннен кейін немесе Театр қызметкерлері тиісті нұсқау берген кезде келушілер қауіпті аймақтан дереу шығып, эвакуациялық шығу жолдарына қарай жүруге міндетті.
14.3. Келушілерге:
дүрбелең туғызып, басқа адамдардың эвакуациялануына кедергі келтіруге;
тиісті төтенше жағдай кезінде оларды пайдалануға тыйым салынған болса, лифтіні пайдалануға;
эвакуациядан кейін уәкілетті тұлғалардың рұқсатынсыз қауіпті аймаққа немесе ғимаратқа қайта кіруге;
Театр қызметкерлерінің, құтқару және өзге де шұғыл қызметтердің жұмысына кедергі келтіруге тыйым салынады.
14.4. Эвакуациялау схемалары өрт қауіпсіздігі туралы заңнама талаптарына сәйкес келушілер үшін қолжетімді орындарда орналастырылады.
14.5. Ата-аналар, заңды өкілдер және алып жүруші ересек адамдар өздері алып жүрген балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндетті.
14.6. Төтенше жағдай туындаған кезде келушілер Театр қызметкерлерінің, өртке қарсы қызмет қызметкерлерінің, полицияның, медициналық және өзге де шұғыл қызметтердің талаптарын орындауға міндетті.

15. Қорытынды ережелер

15.1. Осы Қағидалар Театрдың жергілікті актісі болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде келушілердің сақтауы үшін міндетті.

15.2. Осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер туралы ақпарат Театрдың ресми интернет-ресурсында және/немесе Театрдың ақпараттық стендтерінде орналастырылады.

15.3. Осы Қағидаларға өзгерістер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Театрдың жергілікті актілерінде белгіленген тәртіппен енгізіледі.

15.4. Осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей өзгеше көзделмесе, олар күшіне енгенге дейін туындаған келушілердің құқықтарын шектей алмайды.

15.5. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

15.6. Осы Қағидалардың жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасының нормалары қолданылады.

15.7. Осы Қағидалар келушілер үшін қолжетімді жерде және Театрдың ресми интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

Театрдың ресми интернет-ресурсы:https://teatrkukol-ast.kz/.